

**Балабекова Мерей Айткалиевнаның «8D02301 – Филология»
білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін дайындаған «Тілдік конвергенция үдерісіндегі кірме сөздердің
ерекшеліктері (Казахстанская правда газетінің материалы бойынша)
тақырыбындағы диссертациялық жұмысының
АННОТАЦИЯСЫ**

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы Диссертациялық зерттеу «Казахстанская правда» газеті негізінде тілдік конвергенция процесіндегі ағылшын тілінен енген кірме сөздерінің ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Жұмыс үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде тіл біліміндегі кірме сөздерінің ғылыми-теориялық аспектілері қарастырылып, кірме сөздер теориясы мен қазіргі конвергенция үдерістері талданады. Тілдік конвергенцияға, оның фазаларына, түрлеріне, деңгейлеріне, ерекшеліктеріне назар аударылады. Диссертациялық жұмыстың екінші бөлімінде БАҚ баспа мәтіндеріндегі тілдік конвергенция зерттеліп, қазақстандық баспа газеттері негізіндегі зерттеулерге шолу жасалады. Жұмыстың үшінші бөлімінде жиналған фактілік материалды зерделеу негізінде алынған зерттеу нәтижелері беріледі. «Казахстанская правда» газетіндегі ағылшын тілінен енген кірме сөздерге талдау жасалып, олардың тақырыптық саралануы ұсынылып, жан-жақты талдау нәтижелері беріледі.

Зерттеу жұмысының өзектілігі.

Тілаларлық қатынас мәселесі, оның ішінде шетел тілінен енген кірме сөздерді зерттеу мәселесі тіл жүйелерінің дамуы мен қызмет етуінің негізгі аспектілерімен тығыз байланысты және ол көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырды. Тілдердің өзара әрекеттесуінің дамуына Э.Сапир, Б.Уорф, Ф.Бопп, Э.Хауген, У.Вайнрайх, Д.Веселинов, Дж.Айтчисон және т.б. елеулі зерттеушілер зор үлес қосты. Орыс ғалымдары арасындағы тілдік байланыстар мәселелерін зерттеуде Л.В. Щерба, Л.П. Крысин, В.М. Аристова, Г.Н. Складневская, У.М. Бахтикиреева, Г.И. Богин, В.М. Шаклеин, А.И. Дьяков және т.б. атап өтуге болады. Қазақстандағы тілдердің өзара әрекеттесу мәселесі қазіргі көптілді және көпмәдениетті қоғам жағдайында өзекті болып табылады, бұл мәселені Қазақстанда бірнеше ғалымдар өз жұмыстарында қарастырған: Б.Х. Хасанов, Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Г.Б. Мадиева, З.К. Ахметжанова, Л.К. Жаналина, З.К. Темиргазина, Ж.К. Киынова, К.М. Абишева, С.Ж. Баяндина, А.М. Кызырова және тағы басқалар.

Қазіргі таңда Қазақстандағы тілдердің өзара әрекеттесу мәселесі көптілді және көпмәдениетті қоғам жағдайында ерекше өзекті болып табылады. Осыған байланысты БАҚ саласындағы тілдік байланыстарды зерттеу ерекше қызығушылық тудырады, өйткені олар жаһандану мен мәдениетаралық коммуникацияның ықпалымен байланысты тіл өзгерістерінің динамикасын көрсетеді. Бұл мәселені зерттеген Д.С. Никитин, С.В. Чумаков, А.Ж. Бекмаганбетова, Г. Жанахметова, Р. Кантемирова, А.А. Кульдиярова, М.К. Шарипова, М. Мусин, Ж. Шакирова, Л. Болатбек және т.б. Осы зерттеушілер БАҚ тіліндегі кірме сөздердің қолданылуына талдау жасаған. Бұл аспектіні зерттеу тілдік жүйеге қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің кіретінін, олардың тілге қаншалықты сәтті бейімделіп бірігуін анықтауға, сондай-ақ мәдениетаралық өзара

әрекеттесу жағдайында тілдің даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Бұқаралық ақпарат құралдарының тіліндегі кірме сөздердің қолданылуын зерттеу лингвистикалық талдау тұрғысынан маңызды, өйткені ол олардың пайда болу себептерін, бейімделу механизмдерін және олардың дамуына әсер ету дәрежесін байқауға мүмкіндік береді. Бірде-бір халық толығымен оқшауланбаған және оқшау өмір сүрмейтіндіктен, әлемнің барлық тілдері шетел тілдерінің ықпалына ұшырайтыны белгілі. Адам сөйлеуінің әлеуметтік табиғаты, қоғамның дамуын айқындайтын тарихи фактілер, халықтар арасындағы жан-жақты байланыстар бір тілдің екінші тілден элементтерді алуының, бір тілдің екінші тілге әсер етуінің негізгі экстралингвистикалық себептері болып табылады. Кірме сөздердің ену процестері бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде газет тілінде айқын көрінеді, бұл мәдениетаралық қарым-қатынастың белсенділігін және күнделікті сөйлеуге шетел тілі элементтерінің енуін көрсетеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда тілдердің өзара әрекеттесуі, лингвистикалық араласу, мәдениетаралық қарым-қатынас, кірме сөздердің мәселелері ерекше өзектілікке ие бола бастағандықтан, орыс тілінде жарияланатын «Казахстанская правда» атты республикалық газеттің материалы негізінде ағылшын тілінен енген кірме сөздерді зерттеуге қызығушылығымыз айқындалды. Жоғарыда атап өткеніміздей, БАҚ материалдары жанды тілдік процестерді, сол заманның қоғамдық-саяси, мәдени-тарихи және тілдік шындығын бейнелейтінін барлық зерттеушілер атап өтеді, бұл біздің аналитикалық материал ретінде алынған дереккөзімізді толық негіздейді. Тақырыпты бекіту кезінде талдау үшін «Казахстанская правда» газетінің 2017, 2018, 2019 жылдардағы материалын таңдауды жөн санағанымыз кездейсоқ емес, өйткені біз осы кезеңге арналған белгіленген дереккөз негізінде жүргізілген зерттеудің жоқ екендігін айқындадық.

Диссертациялық зерттеуге «Тілдік конвергенция үдерісіндегі кірме сөздердің ерекшеліктері («Казахстанская правда» газетінің материалы бойынша)» тақырыбын таңдау бірқатар себептерге байланысты. Біріншіден, жаһандану мен көптілділік жағдайында тілдік байланыстар мен әртүрлі тілдердің өзара әрекеттесуі мәселесінің өзектілігі. Екіншіден, Қазақстандағы тілдік жағдайдың ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі, өйткені ағылшын тіліне деген қызығушылықты, ағылшын лексикасын белсенді түрде енгізуді жоққа шығару қиын және оның қызмет етуінде тілдік конвергенцияда көрініс берудің өзіндік ерекшеліктері бар. Үшіншіден, республикалық көлемдегі танымал «Казахстанская правда» газеті ұсынған баспасөзде де, медиаконтент форматында да нақты жұмыс істеу шеңберінде кірме сөздердің бейімделу және ассимиляциялау үдерісін талдауға туатын қызығушылық.

Жұмыстың мақсаты – «Казахстанская правда» газетінің 2017-2019 жылдар арасында жарық көрген материалдарындағы ағылшын тілінен енген кірме сөздер мен Қазақстандағы тілдік конвергенцияның ерекшеліктерін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін жұмыста келесі **міндеттер шешілді:**

- зерттеудің жалпы теориялық және әдіснамалық негізін анықтау және ғалымдардың қазақстандық баспа басылымдарындағы тілдік конвергенция туралы еңбектерін саралау;

- «Казахстанская правда» газетінде қолданылатын кірме сөздердің жиі кездесетін бағыттарын анықтау және олардың тақырыптық классификациясын құру;

- «Казахстанская правда» газетінің материалдарындағы ағылшын тілінен алынған кірме сөздердің ену жолдарын анықтау;

- «Казахстанская правда» газетіндегі кірме сөздердің морфологиялық ерекшеліктерін анықтау;

- «Казахстанская правда» материалдарындағы кірме сөздердің лексикалық-семантикалық ерекшеліктерін анықтап, жүйелеу.

Зерттеу жұмысының нысаны – «Казахстанская правда» газетінің 2017-2019 жылдарындағы мәтіндерінен іріктеу арқылы анықталған ағылшын тілінен енген кірме сөздер.

Зерттеу пәні - «Казахстанская правда» газетінің 2017-2019 жылдық материалдарындағы тілдік конвергенцияның ерекшеліктері.

Зерттеу жұмысының материалы «Казахстанская правда» газетінің 2017-2019 жылдар аралығындағы «Казахстанская правда» газетінің мәтіндері.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін келесі **әдістер қолданылды**: теориялық талдау және синтез, мәліметтерді өңдеудің математикалық және статистикалық әдістері, үздіксіз іріктеу, индукция және дедукция әдістері. Жұмыстың негізгі әдісі – ғылыми сипаттама, ол қазіргі баспасөз мәтіндеріндегі кірме сөздерді толық талдауға, сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегідей:

1) республикалық орыстілді «Казахстанская правда» газетінің мәтіндеріндегі ағылшын тілінен енген кірме сөздерді зерделеуге кешенді зерттеу жүргізілді;

2) жинақталған деректі материал негізінде, 2017-2019 жылдар аралығындағы танымал газет тілінде қолданылатын кірме сөздердің тақырыптық саралануы жүргізілді;

3) жүргізілген талдау нәтижелері бойынша аталған кезеңдегі «Казахстанская правда» газет мәтіндеріндегі кірме сөздердің берілу жолдары зерттелді;

4) анықталған материалды талдаудың кешенді тәсілі «Казахстанская правда» газет тіліндегі тілдік конвергенцияның морфологиялық белгілерін анықтауға мүмкіндік берді;

5) қазіргі Қазақстан баспасөзі тіліндегі кірме сөздердің лексико-семантикалық ерекшеліктері ашылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық және әдіснамалық негізі:

– тіл теориясының сұрақтары (Э.Сапир, У.Вайнрайх, В. фон Гумбольдт, Д.Веселинов, Н.С. Трубецкой, Г.Н. Скляревская, Е.В. Кузнецова, Б.Х. Хасанов, С.К. Кеңесбаев, З.К. Темиргазина, С.Ж. Баяндина және т.б.);

– тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттестігі мәселелері бойынша (Г.Гебль, Дж.Хамперц, Ф.Хинскенс, О.А. Леонтович, И.В. Привалова, В.М. Аристова, Э.Д. Сүлейменова, З.К. Ахметжанова, Л.А. Бақытжанова, т.б.);

– БАҚ тілін зерттеу мәселелері (А.Старостин, В.Г. Костомаров, Г.Я. Солганик, М.Г. Резникова, Д.С. Никитин, Т.А. Амбарцумова, С.В. Чумаков, А.Ж. Бекмаганбетова, Г.Жанахметова, Р.Кантемирова, А.М. Мусин және басқалар);

- кірме сөздердің ассимиляциялану мәселелері (А.А. Абдуллаев, Э.Ф. Володарская, Л.П. Крысин, Э. Хауген, К.М. Абишева, А.А. Пожарицкая, А.М. Кызырова, А.Б. Смаилова, т.б.);
- кірме сөздерді тақырыптық жіктеу мәселелері (О.С. Егорова, Д.С. Никитин, Ф. Филин, А.Б. Зеленин, А.И. Дьяков, т.б.) зерттеушілердің еңбектеріне негізделген.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары:

- бұқаралық ақпарат құралдарының тілі конвергенцияға барынша бейім, сондықтан үздіксіз іріктеу әдісімен жиналған фактілік материал қазіргі Қазақстанда орыс тіліне енген кірме сөздердің ену формалары мен таралу дәрежесі туралы түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді;

- бір жағынан зерттеулердің сандық дәрежесі, екінші жағынан терминологияның біркелкі болмауы – «кірме сөздер», «шетелдік лексика», «конвергенция» терминдерін анықтауда біркелкіліктің жоқтығын көрсетеді және зерттеудің метатілін жүйелеуге әкеледі;

- Қазақстан аумағында кірме сөздердің қолданылу жиілігі ағылшын тілінен енген кірме сөздердің орыс тілінде ассимиляциялануының ең көп/аз енген салаларын көрсетеді;

- кірме сөздердің мағыналарының берілу жолдарын талдау Қазақстан баспасөзі тіліндегі англицизмдерді ассимиляциялаудың кең тараған жолдарын анықтауға мүмкіндік береді;

- морфологиялық талдау реципиент тіліндегі және донорлық тілдегі жиі қолданылатын сөз табын анықтауға мүмкіндік береді;

- орыс тіліндегі англицизмдердің мағыналарын берудің ең көп тараған тәсілдері – транскрипция, транслитерация, экспликация.

Зерттеудің теориялық маңызы мынада: зерттеу барысында анықталған кірме сөздердің сипаты мен көлемі тілдердің өзара әрекеттесуі тенденциялар мен заңдылықтарына, олардың тілге әсері туралы білімді жалпылауға және жүйелеуге ықпал етеді. Жұмыста алынған газет мәтінінің материалы негізінде шетел тілдерінен енген кірме сөздердің классификациясын құру тәжірибесі басқа аспектілерде шетел тілінен енген кірме сөздерді жіктеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Тілдік конвергенция процесінде енген кірме сөздердің ерекшеліктерін зерттеу тілдердің өзара әрекеттесу механизмдері, шетел тілі элементтерінің бейімделу заңдылықтары туралы білімді кеңейтуге, конвергенция теориясының дамуына үлкен үлес қосады.

Жұмыстың практикалық маңызы зерттеу нәтижелері мен деректерін жоғары оқу орындарында жалпы тіл білімі, лексикология, лексикография, тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша семинарларды жүргізуде пайдалануға болады, сондай-ақ шетел тілі және филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттарына және докторанттарына арналған элективті курстарда қосымша оқу материалдары ретінде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, библиографиялық тізімнен және қосымшадан тұрады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда,

халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 11 мақала жарық көрді. Оның ішінде Scopus базасындағы журналда – 2, ҚР Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен журналдарда – 3, халықаралық және республикалық конференция жинақтарында 6 мақала жарияланды.

- 1 Балабекова М.А., Хан Н.К., Туйте Е.Е., Кенжеғалиев С.А., Жуынтаева З., Калиев Б., Смагулов Ж. The Spread of English Language Elements During the COVID-19 Period. Theory and Practice in Language Studies. – 2022. №12 P. 2583–2590 , DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1212.14>
- 2 Adilova A., Balabekova M., Tuite Ye., Samenova S., Kazanbayeva A., Tursunova M., Rahymberlina S., Khassenov B. Lexico-Semantic Change in the Kazakh Language of the COVID Era. Theory and Practice in Language Studies. - 2023. №5. P. 1172-1181. DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1305.10>
- 3 Балабекова М., Веселинов Д., Хан Н.К. Language convergence: linguistic aspect of COVID–19. Вестник Карагандинского университета. Серия Филология. №4(104). – 2021. – С. 36–43.
- 4 Балабекова М.А., Хан Н.К. Языковая конвергенция в текстах СМИ. Вестник Карагандинского университета. – Серия Филология. – №2(106). – 2022. – С.13–19. DOI 10.31489/2020Ph2/13–19.
- 5 Балабекова М.А., Веселинов Д. Thematic differentiation of loanwords in the newspaper “Kazakhstanskaya Pravda”. Вестник Карагандинского университета. – Серия Филология. – №1(109). – 2023. – С.74 – 86. DOI 10.31489/2023Ph1/74–86.
- 6 Балабекова М.А. Аманбекова Д.А., Алшынбаева М.А. Актуальные темы исследований в сопоставительной филологии в современном Казахстане. Чуждоезиково обучение. Приложна лингвистика. Volume 49, Number 2. София: Азбука, 2022. – С.133–139. <https://doi.org/10.53656/for22.203aktu>
- 7 Балабекова М.А. Языковая политика и роль английского языка в образовании. Материалы Круглого стола, посвященного юбилею доктора филологических наук, профессора Баяндиной С.Ж. – Алматы: КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 2022. – С.186–189.
- 8 Балабекова М.А., Мажитаева Ш. БАҚ мәтіндеріндегі шетел тілінен енген кірме сөздердің қолданылу ерекшеліктері. VIII Межд.науч.-практ. конф. «Наука и образование в современном мире: вызовы XXI века» (апрель 2021г.). 3-Том. – Нұр-сұлтан: «Общенациональное движение «Бобек», 2021.– С.50–54.
- 9 Балабекова М.А. English borrowings in modern Russian language. Тілдік тұлға және қазіргі филология мәселелері: филол. ғыл. д-ры, проф. Шара Мажитаеваның 70 жасқа толуына орай өткіз. респ. ғыл. онлайн конф. материалдары. – Қарағанды: «Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасы, 2021. – Б. 64–66.
- 10 Балабекова М.А., Аманбекова Д.А., Мажитаева Ш. Borrowings as a result of language convergence. Лингводидактически ракурси. – София: Университетско издателство «Св. Климент Охридски», 2020. – С.105–115.
- 11 Балабекова М.А., Мажитаева Ш., Хан Н.К. Linguo-pragmatic characteristics of borrowings in media language. Языки и миграция в условиях глобализации: материалы саммита QS по предметным областям «Современные языки» и «Лингвистика». (15–17 декабря 2020 г.) – Москва: РУДН, 2020. – С. 286–293.